



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Барлық қызмет жедел цифрланып жатыр және бұл өзгерістен үлкен деңгейдегі сауда-саттық та құралақан емес. Мәселен, қазіргі уақытта банк қосымшаларының көмегімен көлікті сату, сатып алу, есептен шығарудың еш қиындығы болмай қалды. Онлайн ипотека да енгізіліп жатыр. Келесі кезек жер телімдерінде сияқты. Мамандардың айтуынша, онлайн-аукцион арқылы жер телімін сатуды қалыптастыру процесті

қықтарды тіркей отырып, жер учаскесіне актіні дайындауға дейін жер учаскесіне қажетті құжат айналымының толық циклін қамтамасыз ететінін атап өтеміз», делінген министрлік хабарламасында.

Айта кетейік, жер кадастры департаменттері барлығы 10 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Олар – жер жобаларын жасау; жер учаскелерінің шекараларын белгілеу; жер учаскелерін келденең және биіктіктен түсіру;

цестерді жай ғана автоматтандырмай, оларды қайта жобалап, барынша сапалы ету қарастырылған.

Цифрлық даму министрі Бағдат Мусиннің айтуынша, eGov Mobile мобильді қосымшасындағы цифрлы қызметтерге сұраныс екі есе өскен. Қазір сол мобильді қосымша көмегімен жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, туу туралы куәлік, неке туралы куәлік, тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы

Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Королін «Алтын Қыран» орденімен марапаттады



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Джидда қаласына ресми сапары аясында Сауд Арабиясы тарапына орденді салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті, деп хабарлайды Е Ақордаға сілтеме жасап.

Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы достық пен серіктестікті нығайтуға қосқан зор үлесі үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Король Салман бен Абделәзиз Әл Саудты еліміздің ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Жер телімін онлайн сатып алуға болады

ашық етеді және бұл саладағы жемқорлықты азайтады.

Жақында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен, Ауыл шаруашылығы және Әділет министрліктерімен, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен және облыстық әкімдіктермен бірлесіп, электрондық сауда-саттық арқылы мемлекет меншігінен жер учаскелерін беру жөніндегі жобаны іске қосты.

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мен «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер қорының шашырап жатқан 226 базасы бір жерге – Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрында жинақталған.

Жобаның мақсаты – клиенттер үшін де, мемлекеттік органдар мен ведомстволар үшін де бизнес-процестердің барлық спектрін автоматтандыру. Бұл ретте субъект өзінің жүгіну барысын түпкілікті нәтижеге дейін бақылай алуға тиіс. Сауда-саттыққа Қазақстанның барлық азаматы қатыса алады.

2022 жылғы 22-24 маусымда Қызылорда облысындағы үш жер учаскесі онлайн-аукцион арқылы сәтті сатылды. Олардың бірі бастапқы бағасы 1,5 млн теңге болған кезде «электрондық» баға арқылы 2,8 млн теңгеден астам қаржыға, ал екіншісі 246 мың теңгеге, үшіншісі 396 мың теңгеге сатылды.

«Онлайн-аукцион мемлекеттен жер сатып алу процесін ашық әрі түсінікті етуге, сондай-ақ осы саладағы сыйбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге септігін тигізеді. Аталған тәжірибе бүкіл республикаға таратылады. Сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы әкімдіктермен бірлесіп жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрын (ЖМБМК) енгізу жұмысымен айналысып жатыр. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (МЖК ААЖ) мен «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер қорының (ЖМТ МДҚ) шашырап жатқан 226 базасы осы ЖМБМК-да тоғыстырылған. Жер қоры мен жылжымайтын мүлік нысандары туралы ақпаратты онлайн жүйесі істейтін Жария кадастрлық картадан алуға болады. Сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жерге орналастыру жобасын әзірлеуден бастап құ-



ауыл шаруашылығы жерлеріне түгендеу жүргізу; жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын есептеу; бағалау аймақтарының шекараларын құру; бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобалары; аэрофототүсірілім жұмыстары; кондоминиум объектілеріндегі жер учаскесінің үлесін есептеу; жер-кадастрлық құжаттардың көшірмелерін беру және тағы басқалар.

Сондай-ақ клиенттерге ыңғайлы болу үшін, жер кадастры бойынша қызмет көрсететін қызметкерлер бұрынғыдай жеке ғимараттарда емес, ХҚО-да орналасқан.

Жалпы, мемлекеттік маңызы зор қызметтердің цифрлана бастауы бұл саладағы сауатты мамандардың да көбейе түсу қажеттілігін меңзейді. Екіншіден, көрсетілетін цифрлы қызмет сапалы болуға тиіс. Бүгін жұмыс істеп, ертең ашылмай қалып жататын сайт, порталдан пайдану шамалы. Бұл тұрғыда біздің көп елден көш ілгері екеніміз де жасырын емес. Қазір egov.kz порталы және оның Egov Mobile қосымшасы кең көлемде қолданысқа ие. Сонымен қатар ел азаматтары банктердің мобильді қосымшасын да белсенді пайдаланады.

Таяуда ғана Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыру, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойған еді. Аталған заң отандық цифрландыру процесінің одан әрі қарыштап дамуына тың серпін беруге тиіс. Заңда тиімді үдерістерді артық шығынсыз енгізу, ауыр және бюрократияға толы бизнес-про-

куәлік, некені бұзу туралы куәлік, техникалық паспорт, COVID-19 үшін ПТР тестілеу нәтижесі, студенттік билет, диплом, зейнеткер куәлігі, Қандас куәлігі, көлік құралын тіркеу туралы куәлік, әлеуметтік ID, вакциналау паспорты, көпбалалы отбасының жәрдемақысын алу, мүгедектік куәлігі, атаулы әлеуметтік көмек алушының куәлігі сияқты құжаттарды алуға болады. Бұл әрине, азаматтардың уақытын, энергиясын және ақшасын үнемдейді.

Сонымен қатар Президенттің 2025 жылға қарай кемінде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлау міндетін қойғанын да ұмытпау керек. Бұл да – жедел түрде еңсерілуге тиіс тапсырма. Аталған мерзімге дейін Президент айтқан мөлшерде маман даярлап, еңбек нарығындағы тапшылық орнын толтыра аламыз ба деген сауал мазалайды.

2021 жылы интернет арқылы жүзеге асырылған қызметтің ақшалай құны 349,9 млрд теңге болған. 2020 жылмен салыстырғанда 67,3 пайызға ілгерілеу байқалады. Ranking ұсынған дерекке сүйенсек, интернет арқылы жасалатын тапсырыстар үш есе – 28,8 млн-нан 85 млн-ға дейін өскен, бұл орташа чек бағасының 7,3 мыңнан 4,1 мыңға дейін төмендеуіне ықпал еткен. Интернет арқылы ең көп саудаланған қызмет түрі – жарнама қызметі. Оның құны – 30,4 млрд теңге және бұл сома 2020 жылғы көрсеткіштен 6,2 есе көп. Одан кейін демалыс, ойын-сауық, мәдениет және спорт салалары бойынша билет сатылымы тұр. Сомасы – 28,5 млрд теңге. Бір жылда 8,1 есе өскен. Сондай-ақ транспорттық билет сатылымы да үшткке кіреді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Техникалық мамандықтарға грант көп бөлінді



Кәсібің – нәсібің. Бір кәсіпті игеру үшін, әлбетте, оқу орнында оқып, диплом алу керек. Бұл ретте мемлекет жас қазақстандықтарға тегін білім алуына жағдай жасап отыр. Сөзімізге дәлел болсын, биыл жоғары білім алуға бөлінген мемлекеттік грант саны рекордтық көрсеткішке жетті. Бұл балытырғымен салыстырғанда шамамен 17 мыңға көп.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстан технологиясы қуатты елге айналу керек екенін, бұл үшін елдің болашағына техникалық саланың мамандары көптеп қажет болатынын айтқан-ды. Осыған орай 2022-2023 оқу жылына жоғары білім алуға берілген мемлекеттік білім беру грантының көп бөлігі техникалық мамандар даярлауға қарастырылған. Жалпы, алдағы оқу жылына бакалавриатқа 73 мыңға жуық грант бөлінді. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәлімдеуінше, осыншама гранттың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына бөлінді, оның саны 17 794 грантты құрайды. Ал «Педа-

гогикалық ғылымдарға» – 10 810 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 9 103 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына – 6 288 грант тиесілі. Сондай-ақ техникалық бағыттарға ерекше назар аударылып, мемлекеттік тапсырыстың үлесі 60%-ға дейін ұлғайды.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында білім беру грантының жаңа түрі анықталды. Бұл «Халықтың тығыз орналасқан және батыс өңірлерінің жастарының жетекші жоғары оқу орындарында оқуға арналған мақсатты білім беру гранты» деп аталады. Жаңа грант Атырау және Маңғыстау облыстарының 10 мың талапкеріне жоғары оқу орындарында білім алу үшін мақсатты грант алуға мүмкіндік береді. Мақсатты «Атырау-Маңғыстау» грантына конкурсқа биылғы мектеп түлектері қатыса алады. Бірақ олар бір уақытта жалпы конкурсқа, оның ішінде «Серпін» байқауына қатыса алмайды.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Шолаққорған ауылдық округі әкімі аппаратында жиын өткізді



Созақ ауданының Әдеп жөніндегі уәкілі А.Бакиров Шолаққорған ауылдық округі әкімі аппаратында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасы және әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша жиын өткізді.

Жиын барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістер, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған

тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығымен өзгерістер енгізілген мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары, жаңадан қабылданған Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің және Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік одексінің талаптары түсіндірілді.

Жиынға ауылдық округ әкімі мен аппараттың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері қатысты.

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Созақ ауданы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі А.Бакиров Созақ ауданы әкімі аппаратында азаматтарды жеке жеке қабылдау өткізді.

Жеке қабылдауда Созақ ауданының жергілікті атқарушы органдарының Әдеп жөніндегі уәкілі – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік Әдеп нормала-

рын сақтауы және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі бұзушылықтарының профилактикасы бойынша мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация берді.

Созақтың қарбыздары Ресейге экспортталуда



Созақ ауылдық округіне қарасты «Б.Абдраманов» шаруа қожалығының Ресей мемлекетіне қарбыз арту маусымы басталды. Б.Абдраманов шаруа қожалығы Созақ ауылдық округіндегі ең ірі шаруашылықтардың бірі және бірегейі. 2019, 2020 жылдары қауын қарбыз егіп Ресей Федерациясына экспорттаған болатын. Міне енді араға 1 жыл салып 2022 жылы 15 га бақша өнімін егіп, (оның 4 га қауын, 11 га қарбыз) өнімі пісіп бас аяғы екі күнде 100 тонна өнімді экспортқа аттан-

дыруда. Осыншама еңбекетіп, кәсіп жасап отырған Б.Абдраманов шаруа қожалығының ұжымына Созақ ауылдық округі әкімшілігі атынан алғыс айта отырып, диханшылықтарына берекке, жұмыстарына табыс тілейміз. Одан бөлек, қарбызды аудан көлемінде сатуды қолға алды. Тұтынушылар сапасыжоғары қарбыздың дәмді екенін айтады. Табиғи күтіп-бапталған бақша өніміне сұраныс жоғары.

«Б.Абдраманов» шаруа қожалығының төрайымы Әбдіраманова Зүлфия: «Бұл шетелдік сорттағы қарбыз. Дәмі керемет. Сұраныс жоғары. Алушылардың көңілінен шықты. Биыл қарбызды экспорттауды қайта қолға алдық. Бір жыл үзіліс жасаған болатынбыз», дейді.

Ақмолла Мұхамедиярұлы.

Жақында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Жеткіншек елді мекенінің тұрғындары мен кездесті. Тұрғындардың айтқан ұсыныс пікірлерін тыңдады.

Халық көтерген мәселелерді тыңдаған аудан бас-

жеткізді. Малға айыппұл салу, электр бағаналарын жөндеу жұмысы бойынша аудандық полиция бөлімі мен ауыл округ әкімі Әділ Елібаевқа, тиісті бөлім, мекеме басшыларына тапсырма берді. Көтерген мәселе жеке

білдірген еді. Аймақ басшысы, ауыл округ әкімі мен тиісті мекемелерге күл қоқыстан тазартуды тапсырған болатын. Соңғы екі-үш күн ішінде Жеткіншек елді мекенінің айналасын күл-қоқыстан арылтуға

Жеткіншек елді мекенінің тұрғындарымен кездесті

шысы көпшіліктің сауалдарына жауап берді. Мәселен, шалғайдағы ауылда балалар ойын алаңының жоқ екеніне тоқталып, көшеге аяу беруді тілге тиек етті. Сондай-ақ көше бойына жаяу жүргіншілер жолы салынса, электр бағаналары реттелсе деген ұсыныстарын жеткізді. Мұнан бөлек, Шолаққорған ауылы тұрғындары күл-қоқысты елді мекен маңына төгетінін айтып шағымданды. Оны шешу жолын қарастыруды өтінді. Шаруа қожалықтарының жеріне жеке азаматтардың малының кіріп, полиция тарапынан айыппұл өндіру оқиғалары кездескенін айтты. Негізгі орталық көшенің асфальттау мәселесін жеткізіп, орталық көшеге жарықтандыруды шешіп беруді сұранды.

Тұрғындар сауалын мұқият тыңдаған аудан басшысы, көтерген мәселенің орынды екеніне тоқталып, алдағы уақытта бюджет қажысына орай, кезең-кезеңімен шешілетінін



қадағалауында болатынын айтты.

Тұрғындармен кездесуден соң аудан басшысы, елді мекенді аралап, танысты.

Артынша Жеткіншек елді мекенінің маңы тұрмыстық қалдықтан тазартылды. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, екі күн бұрын Жеткіншек елді мекені тұрғындарымен кездесу барысында тұрғындар, елді мекен маңында күл қоқыс көбейіп кеткенін айтып алаңдаушылық

«Шолаққорған Су» МКК мен «Созақсәулет» МКК және Шолаққорған ауыл әкімшілігінің жалпы саны он жұмысшысы мен 4 техникасы жұмылдырылып, тазалық жұмыстарын жүргізді. Елді мекен айналасындағы мал өлекселері жиналып, арнайы орынға апарылды. Ретсіз қазылған шұңқырлар көмілді. Тұрғындар дер кезінде қолға алған іске ризашылығын жеткізді.

«Созақ үні»-ақпарат».

ТАҒАЙЫНДАУ!



Созақ ауданы әкімінің Әкімімен ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ ЖЕҢІСӘЛІ БАҚЫТЖАНҰЛЫ аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан әкімі

аппаратына ұйымдастыру бөлімінің басшысы Жеңісәлі Төлепбергеновті таныстырып, қызметіне табыс тіледі.

Төлепбергенов Жеңісәлі Бақытжанұлы 9 мамыр 1989 жылы ОҚО, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 2011 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін «су ресурстары және суды қолдану», 2014 жылы Көкше академиясын «қаржы», 2019 жылы Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетін «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2012 жылы Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар орталығы» КММ-де іс жүргізушісі болып бастаған. 2012-2018 жылдары Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де әдіскері, 2018 жылдың мамыр айынан қазірге дейін Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы болып қызмет атқарған.

Жанұялы.

ТАҒАЙЫНДАУ

Олжас Төлепбергенұлы Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі басшысының бұйрығымен «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы лауазымына тағайындалды. Аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Мерей Ниязәліұлы жаңа басшыны ұжыммен таныстырып, алдағы жұмысына табыс тіледі.



Қызылжалдан Қызылтаста дейін

Әкесінің қолынан шопан таяғын алған Тоқтар биылғы жаз жайлауын Қызылтаста өткізуде. Қарамағына 1100 майда малды алған ол таң бозарып атқаннан сәске түске дейін таудың ішінде жайып шығады. Тау беткейі отты келеді. Биылғы жыл малға да, таудың салқын да жайлы шыбын шіркейі аз, таудың салқын ауасы адам жанын жадырата түсуде.

Түсте бұлақ суына құлаған мал бес-алтаудан топтанып күннен бірін-бірі қалқалап түс ауғанша тыныстап алады. Осы аз кем уақытты пайдаланып Тоқтар да жұбайы Жазираның әзірлеген түскі асын ішіп, арасында көзін іліп алады. Мыңнан аса малдың жартысына жуығы ағайын-туыстың қоспасы екен.

Әрине, қазақ ағайын-туысыз, дос-жарансыз болмайды. Сол себепті де көктем шығып қолдағы малын қорасында төлдетіп алған соң, Тоқтарға әкеліп қосады. Азын-аулақ әр басқа төлейтін ақшасы бар. Онсыз тірлік болмайтыны анық. Малың қосқан ағайын да арагідік хабар алып, келіп-кетіп малын көріп кетеді. Кейде сойысқа деп арасынан қоңдысын әкетіп тұра-

ды. Тоқтардың қыс қыстауы Қызылжал бөктері. Малға жайлы ықтасында сексеуілі мен жыңғылы ұйысқан алап. Көктем шыға Құмалақты, Таскөмірсай жерлеріне қоныстайды.

«Әкем Әбуов Тоқтасын талай жылдар осы Жартытөбе кеңшарында шаруашылықта жұмыс жасады. Жастайынан еңбекпен пісіп жетілген азамат. Анам Гүлдархан екеуі үш ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Мен де сол әке жолын ұстанып, төрт түлік малға жақын болдым. «Әке көрген оқ жонар» демекші, әкеміздің жолымен келемін. Мал шаруашылығының арқасында тұрмысымыз жаман емес. Жұбайым көшкісін мал қораға кіргеннен шелегін алып ешкілерін сауып шығады. Мен де көмектесемін. Екеулеп жүріп жаз бойы өзімізге керекті сүт, айран, құрт, ірімшік сияқты мал өнімдерінен қажетті азық-түлік қорымызды жинап аламыз. Артылғанын сатамыз. Түскен ақшаға қант, шай, ұн сияқты керекті азықтарымызды қамдап аламыз. Он бес шақты сиырымыз бар. Ол да көп көмек болады», дейді Тоқтар ағынан жарылып. Биыл орада бұзар отыз жасқа толған



Тоқтар тек қара басының қамын ғана ойламай ауыл ішіндегі көптеген іс шараларға қолдау көрсетіп жүргенінен де хабарымыз бар. Қой шаруашылығы-қазақ халқының негізгі күн көріс кезінің тегі. Кешегі қиын қыстау жылдары да халықты қиындықтан алып қалған осы сала болатын. Тіпті «бір қойға бір қап ұн» деген кезде де әрбір отбасы малын сақтап, ілдә-ілдәмен күн кешті. Малының басын көбейтуге тырысты. Қазірдің

өзінде сол қолдарындағы бар малының басын көбейтіп, өнімін жаратып отырған жайы бар.

«Соңғы жылдары текемет, киіз, алашаға деп жұрт жүн алуды қойды. Теріні айтпай-ақ қояйық. Себебі, осы саланы өндіру жоқтың жоғы болып тұр. Қайсібір жылдары ираннан, түркиядан келген ағайындар құмбыл жинап, ұсатып, ұсақтап болса өндіруге әрекет етіп еді. Алайда оларға мемлекет тарапынан айтар-

лықтай қолдау болмады-ау. Соларды жібермей осы саланы өндіруге күш салғанда қазіргі шашылған жүн сай салаға тасталған тері болмас еді-ау дейсің. Бұл Тоқтардың ғана емес, Тоқтар сияқты шаруалардың ойы. Бүгінде қарап тұрсаңыз базарда нәйеті теріден істелген белдіктің бағасының өзі ұшып тұр. Түрлі сувенирлік, мүйізден, теріден, тұяқтан, киізден жасалған бұйымдар қат. «Алдағы күннен үміт бар» демекші Тоқтар алғашқы кезде тері мен жүнді біраз жинап, сақтап көрмекші болады. Алайда жинауды жинағанмен күйе түсіріп алды. Бүгін де Тоқтар елең алаңнан тұрып, қойын өргізіп, жаңа таңды сергек көңіл, жарқын үмітпен бастады. Еңбек десе елеңдеп тұратын еңбекқор шаруа жігіт мал соңынан Қызылтасты бетке алып желе жортып шықты. Таудың таңғы самал ауасы, айнала жайқалған тау сасыры, рауғаш, тау шие, киік оты, мысық құйрығы ырғалған тау аңғары талапты жігіттің бойына күш қуат беріп тұрғандай болды.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Аулаңыз қандай ағайын?

Көк қақпалы үйдің ауласына аяқ басып алғашқы қадамжасағаннан осы үйде аула тазалығына, әсемдігіне мән беретін жандар тұратынын аңғарасың. Бұл Шолаққорған ауылы С.Қожанов көшесінің бойында тұратын Нұрдауовтар отбасының шаңырағы екен. Шағын ауланың ішінде есіктен енгеннен түкпірге жеткенше алқызыл, сары ала гүлдер көздің жауын алады. Бір тұтам бос жер жоқ. Қауын, қызанақ, болгар бұрышы, құлпынай, қызыл дәрі, өнімдері қатарласа өгілген. Ал мына тұста жалбыз өсімдігі желмен жайқалады. Отағасы жұмыста болуы себепті жұбайы Әсем жылы қарсы алып, біздің келісімізді ұғынғаннан кейін аула ішіндегі шағын бақшалығымен таныстырды.



«Негізінен алғанда жұбайым екеуімізде апта бойы жұмыстамыз. Сенбі, жексенбі күндері қолымыз босайды. Қалған күндері жұмыстан көшкісін келген соң кешкі шайды ішіп алып күн ұясына батқанша осы бақшалықты ретке келтіреміз. Ерте көктемде жерді бір аударып аламыз. Күн қызғаннан кейін қайта қопсытып, тырмалап сосын көшет отырғызамыз. Былтырғы өнім алған жерге басқа өнім егеміз. Жерді ауыстырып отырғызамыз. Гүлдер жерді демалдырады. Бақшалықты көбіне жолдасым қарайды. Ол шығармашылық жұмыстан кейін бақшалықпен айналысу ой мен ми жүйесін тыныштандырады деп күн сайын гүл отырғызды, арам шөптерін отайды. Күн ара суғарып, әйтеуір дене еңбегін жақсы көреді. Балалар Алматыдан келген сайын әкесімен бірге осы үй айнала бақшалықтың ішінде болады. Балалар үшін көшеге шығып бейуақыт жүру, түрлі келеңсіздіктен алдын алу үшін үй жанындағы шағын шаруашылықтың тигізер септігі мол. Ауылды жерде отырып бау-бақша егіп, мал ұстап шағын шаруашылықты жүргізуді қиынсынатын отбасылар да бар. Әрине, қиынсын деп жеңілдетіп айтамыз. Әйтпесе бұл жалқаулық де-

ген жегі құрты екені анық. «Адамды адам ететін-еңбек» деп тегіннен тегін айтпаса керек. Адам болып жаратылған соң ой еңбегі мен дене еңбегін ұштастыра отырып, қоғамға отбасыға, мемлекетке қажетті ортақ іс істеу әрбір азаматтың міндеті болмақ.

Ауласы гүлге, түрлі бақша өнімдеріне толы үйдің иелері беталды ұйқыдан қашықтау деп ойлаймын. Адам өміріндегі орнын өзге ештеңе баса алмайтын ұйқы жайында дініміздің де түрлі көзқарастары бар. Әзірет Пайғамбарымыз сүннетінде ұйқының уақыты, мөлшері және орны жайлы үгіттер мен ұйқыны рухани және физикалық тұрғыдан қалай пайдалана алатындығымызға байланысты көптеген мысалдар бар. Мысалы ұйқының уақыттан тыс көп болуы, адамды жалқаулыққа жетелейтінін қос көрілмеген. Мұның өзіндік шарттары бар. Әзірет Османның жеткізуі бойынша бір хадисте «таңғы ұйқы ризықтың азаюына себеп болады» дейді. Ата-бабаларымызда «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық» дегенді тегін айтпаса керек. Сондықтан ерте тұрып, ауласының ішін сыпырып, сиырып, су сеуіп, көгеріштер мен гүлдерді суғарып тұрсаң тазалық пен әсемдікке ырыс пен берекенің үйір болары анық. Ажары келген аулаларымыз көп болсын, ардақты ағайын.

Расында ауылда тұрып мал ұстамайтын қазақтар көбейіп келеді. Бірақ біз олар туралы емес, керісінше мал ұстап шағын шаруашылығын дөңгелетіп отырған шаруақор ауыл тұрғындары туралы сөз етпекпіз.

Сондай шаруа азаматтың бірі Қарағұр ауыл әкімдігіне қарасты Шаға елді мекенінің тұрғыны Көшербайұлы Мақсұт есімді азаматты айтар едім.

«Өзім осы ауылдағы фельдшерлік бөлмінде қарауыл болып жұмыс

күбіге май шайқап, құрт жайып, ірімшік қайнатады. Қыздары қашанда анасының жанынан табылып, халқымыздың ұлттық тағамдарын әзірлеп, түрлі суысын дайындау техникаларын тереңнен меңгеріп келеді.

Тұттың аузы, Атамсай, Бүркітті, Бала шаға, Ағалақ сияқты дала бөктері мен тау ішін аралап жаяды.

«Бұл ауылда мал ұстамайтын тұрғындар жоқ. Бәрі түгел малмен айналысып, соны күнделікті тірліктеріне байла-

Қораңда малың бар ма?

істеймін. Бір ата-анадан жеті бауыр тарадық. Бәрі отбасын құрып жеке жеке үй болып кетті. Алматы, Жамбыл, Тараз қалаларында тұрады. Мен қара шаңырақта қалдым. Әкемізден қалған азын аулақ малға ие болып келемін. Содан бері мал басын көбейтуге жұмыс жасаудамын. Бүгінде майда мал басы біршама көбейді. Бұдан да асыра көбейтуге болар еді. Оған қыстық жем-шөп қоры қымбат, әрі жеткіліксіз болуына байланысты шамамыздың келгенінше осы қалыпты ұстап отырмын. Артық мал басын бордақыға қоямын. Одан арғысын сатылымға жіберемін. Ол ақша жем шөп қорын молайтуға жұмсалады. Отбасымда жұбайым қолдағы сиырлар мен ешкілерді сауып, айран ұйытады, май піседі, құрт-ірімшік өнімдерін әзірлейді. Қыздарым анасына көмектесіп жұмыстың бір шетінде жүреді. Ұлым Әли болса осы малды ауыл адамдарымен кезекпен бағысады. Ауылда мал кезек. Ол аптасына бір-ақ рет келеді. Жеті үй қосып жаямыз. Малды таң бозарып атқаннан ауылдың шыға беріс аузына жинап алып, тау бөктерлеп, өзен жағалап жаямыз, дейді Мақсұт Көшербайұлы.

Келіншегі Гүлнар айран ұйытып,



ныстырып отыр. Ал ауыл орталығында бірлі-жарым мал ұстамайтын үйлер де кездеседі. Көктем шыға салысымен көп тұрғындар малдарын тауда отыратын шаруашылықтарға қосып жібереді. Қара күзге дейін ақша төлеп бақтырады.

Таяуда ғана өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент қасым Жомарт Тоқаев осы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау, олар өндірген отандық өнімдерді сауда орындарына кедергісіз шығару, мәселелерін айта отырып Үкіметке фермерлерге қолдау көрсету тәсілдерін бірлесіп әзірлеуді тапсырды. Бұл да болса алдағы уақытта шешімі табылуға тиісті мәні зор мәнді мәселе екенін ұғынғандай боласың.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Сөзақ поляктер

(Жалғасы.Басы өткен сандарда)

Қазақстанның мекемелері осы жер аударылатындардың қандай бекетке келетіні, қалай орналастырылатыны, осы жұмысқа жауапты қауіпсіздік қызметкерлері туралы мәліметтерді орталыққа хабарлап отыруға тиісті. Осы нұсқаулардың негізінде 1940 жылы 4-сәуірде Қазақ Кеңестік социалистік республикасының Ішкі істер Халық Комиссариаты Қауіпсіздік бөлімі арнайы бұйрық шығарды. Онда Қазақстанның әр облысы немесе әр ауданы өкілдері жергілікті жерлердегі бекеттерден поляк азаматтарын қабылдап алып, орналастыратын жерге келіп, бірінші кезекте оларды баспанамен қамтамасыз етуге тиісті болды. Екіншіден, жер аударылған контрреволюциялық элементтерді жергілікті халықтан алшақ ұстау керек. Үшіншіден, олар қашып кетпеу үшін алдын-ала бақылау орнату керек. Сондай-ақ, поляк тардың осы жерде кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жасауына жол берілмеуі керек. Осындай арнайы талаптар іске асырылуымен қатар барлық жер аударылып келген поляктарды 1939 жылғы №001223 КСРО ішкі істер Халық Комиссариатының Бұйрығына сәйкес тізімге алулары керек екендігі қоса ескерілді. Сөзақ ауданына 1936 жылдың өзінде 500-ге жуық поляк азаматы (100-ден астам отбасы) қоныстанады деп жоспарланған болатын. Бұл жер аударылған поляктардың басым бөлігі әскери қызметшілердің отбасылары еді. Жоғарыдағы бұйрыққа сай оларды ең шалғайдағы Сөзақ өлкесіне аттандырады. Олар аудан орталығы Шолаққорған қыстағына келген соң, ауылдардан бір-бір колхоз басшылары, ауылдық кеңес төрағалары қоса шақырылып Қозмолдақ, Сөзақ, Тарса, Балдысу, Көкбұлақ, Абай, Бабата, Аққолтық, Құмкент, Құрсай, Қызыл Қанат, Бақырлы, Шаға және тағы басқа да ауылдарға 5-6 отбасыдан бөлінеді. Қайсыбір жылы Сөзақ ауданының тарихында қалған ақтаңдақ оқиғалар ретінде қалған Сөзақ көтерілісі, кешегі қуғын-сүргін жылдары Сөзақ ауданын паналап келген поляк ұлты азаматтарының талайлы тағдырлары көз алдымызда тұр.

2018 жылы болса керек, Польша мемлекетінен «Сібірге жер аударылғандар және саяси-қуғын сүргін құрбандарын еске алу Быстшицкі қоғамдық ұйымының» төрағасы Януш Коб-



рын есімді поляк азаматы ауданымызға келді. Ол алдымен аудандық мұрағат бөлімінде болып, жергілікті азаматтармен әңгімелесті. Қоғам өкілдерімен созақтық Есмұратова Ұмыс, кентаулық Өткелбаев Расылбек, мұғалім Дүйсенова Салтанат еркін отырып тарихи естеліктерімен ой бөлісті. Януш Кобринь мырза аудан кімінің орынбасары Бағдат Бегманұлы Айдарбековтың жеке қабылдауында болып, өзінің келген жұмыс сапары жөнінде және алдағы тың мақсаттарымен, жосарларымен ой бөлісіп, пікір алмасты. Негізінде кене көз кісілердің айтуы бойынша кешегі зұлмат жылдары поляк азаматтарының ауданымызға жер аударылып келіп, кейін Шолаққорған ауылының Абай көшесі бойындағы бұрынғы монша, тас қойма деп аталатын қойманың төменгі орны маңайында, орталықтағы Сөзаққа шыға беріс оң қапталдағы зиратта жерленген жерлері бар. Біз бұл тақырып төңірегінде соңғы он жылдың көлемінде тереңірек зерттеп, зерделеп жүрген жайымыз бар еді. Сондай-ақ біздің қолымыздағы деректер Алдағы уақыттарда сол жердің біріне шағын ескерткіш тақта орнатып, Польша Республикасының Қазақстандағы елшілігіне хабарласып, оларды хабардар етсек. Кеңестік кезеңде тағдырлары бір арнаға тоғысқан Сөзақ ауданы мен Польша Республикасы арасында рухани және іскерлік байланыстар орнатылса, Қарабұлақ елді мекенінде, Қозмолдақ, Шолаққорған ауылдарында поляк ұлттары ғұмыр кешкен, олардың бүгінгі көзі тірі ұрпақтарымен елшілік қызметкерлерін жүздестірсек, Сөзақтан еліне көшкен поляк азаматтарының ұрпақтарымен кездесу ұйымдастырылса екі мемлекет арасындағы байланыстың берік болуына зор септігі тиер еді деген ойға тірелдік.

Сол аласапыран жыл-

дарға қайта оралсақ, қысы суық, жазы аптапты ыстық. Шөлді, шөлейтті аймаққа оларға тез сіңісіп кету қиындық тудырды. Алғашқы уақытта бір жылдың ішінде 50-ге жуық азамат көз жұмды. Жер аударушыларды жергілікті қараша халыққа адамның етін жейді, кәпірлер, олар дуа жасаушылар, жалғыз-жарым адамды алып кетеді деген есек-аяң таратып оларға халықтың жақындамауы үшін түрлі құйтырқы әрекеттер



жасалды. Алайда олардың ішінде басым көпшілігі дәрігер, фармацевт, мұғалім мамандары болғандықтан халыққа зор көмектері тиіп тұрды. Жергілікті халық әлгі шолақ белсенділер айтқандай ешқандай да адам жегіштер емес екендіктерін көздері анық жете бастады. Сол уақыттағы түрлі жұқпалы аурулар жұқтырған, түрлі жаралары меңдеген халыққа поляк ұлтының азаматтары қол ұшын созды. Әу баста барлық жағдайлары болады деп алып келген әскерилер поляк азаматтарын әр үйге бөліп тастады да жайларына кетеді. Оларға ауыл тұрғындары ауласынан, қорасынан, ескі тамдармен бөлмелер тауып береді. Келесі көктемге дейін жаз шыға өздеріне баспана салып алуға әрекеттер жасайды. Ал өкіметтен ешқандай көмек берілмейді. Стыковский, Но-

ваковскаялар, Ольховтар сияқты поляк отбасылары Сөзақ жеріне мықтап сіңісіп, елдің тұрмыс тіршіліктеріне мойын ұсына бастайды. Эрена Новаковская есімді ару Қозмолдақ ауылының тұрғыны, Бейсенбі деген азаматқа тұрмысқа шығып, үлкен отбасыға айналады. 2018 жылы «Эрена» туралы шағын дастаным жазылды. Ал деректі әңгіме сол жылы Польша мемлекетінің «ВРАМА» журналына поляк тілінде жарық көрді.

Поляк ұлтының Сөзақ жеріне қалай келгенін осының алдындағы мақалаларда айтқан болатынмын. Оған қайта тоқталмай келген кездегі өмірлеріне тоқталайын. Соғыстың алдында ғана келген олар елдің қиын жағдайын өз көздерімен көрді. Ел аштықтан босып, ішерге ас, киерге киім таппай қиналып жатты. Мысалы, мына іргеміздегі Балдысу ауылына 7-8 адамдарды бөлді. Сол жылдары ауылдың азаматы Жұмаш деген кісі колхоздың бригадирі екен. –Атам айтып отыра-

қарияның өзі 1900 жылы туылған. Соғыс басталғанда 41 жаста екен. Жасы соғысқа келмейді деп колхозға жұмысқа алып қалады. Жұрттар Жұмаш соғыстан қашып жүр деген әңгіме шыға бастайды. Алайда ұш ұлын соғысқа жіберген Жұмаш өзі сұранып 1943 жылы соғысқа аттанады. Соғыста өлген солдаттарды жинап жүріп өзінің ұлы Сәрсенбектің өлігін тауып алады. Соғыстан оралған соң әскери билетін жыртып тастап соғысқа бармағандардың қатарында қалады. Кейін ешқандай құрметтер мен шақырулардан бойын аулақ салып мен соғыста өз баламның жаназасын шығарған адаммын» деп күбірлеп отырады екен. Сол уақытта азын-аулақ малдарынан құрт істегендер бір уыс құрттарын апарып береді екен. Көктемде егіс егуге шығып колхоздың жұмысын істеп жүреді екен. Мына Қозмолдақ ауылында Құтжанов Нұртай деген қария өткен. Оның да тағдыры Жұмашқа ұқсас Ол туралы Нұртайдың баласы Сайфулла былай дейді:

Атамыз Құтжан Теріскейде сағыз шөптің бастығы болған екен. Орысша мен арапшаға тіл сындырған. Қасында әкеміз Нұртай бірге жүреді екен. Жасы сонда 12-14-терде болыпты. Содан жиналған сағыз шөптерді Кентау мен Ащысайдағы орталыққа апарып өткізеді екен. Сөйтіп жүріп сол жердегі орыстармен шүлдірлеп сөйлегендерден зерек бала аздап орысша тіл сындырады. Осы зеректігі болды ма әкем Молотов колхозында учетчик болып жұмыс жасайды. Еті тірі пысық балаға «орысша білесің» деп поляктарға жауапты етіп қояды. Содан поляктардың аш-жалаңаштығы Нұртайдың мойнында болады. Ауылға 11 поляк бөліп берілген екен. Келгеннен кейін көп күн өтпей төрт поляк ауыр жолды, аштықтан, аурудан өледі. Қалған жетеуін ертіп алып Тілеуқабыл деген кісінің айғыр есегін сұрап алып Қойбағардан өздері тұратын Алмалыға әлгі есекпен ағаш тасып баспана тұрғызып алады. Жеті поляқтың да ұсталықтан хабары бар екен. Кейін Нұртай жасы жетпесе де сұранып соғысқа кетерде әлгі поляктар жылаған екен. Нұртай кеткенше олар дилы болып қалған еді. Ол кеткесін поляктар шетінен қайтыс бола бастайды. Құдайдың құдіретіне не шара Нұртай Польша жеріне түседі. Ол солай Польша жерін фашистерден азат етуге қатысады.

Қасіретті жылдарда

Әлде де поляк азаматтары жерленген жерлер туралы білетіндер болса, олар туралы аталарынан, әжелерінен естіген әңгімелері естерінде қалған азаматтар болса газет редакциясына, тікелей маған хабарласуларына болады. Ол деректер біздің тарихымызды тани түсуімізге зор көмек болар еді. Кеңес Одағының алыс аудандарына, Қазақстанға, Орта Азияға және Сібірге көшіріліп, осындай еріксіз қуғын-сүргінге ұшыраған поляк азаматтарының тағдыры 1941 жылы Германия Кеңес Одағына соғыс ашқаннан кейін Кеңес Одағы мен Лондондағы Польша эмигранттық үкіметі арасында болған саяси келіссөз біраз жеңілдіктер алып келді. 1941 жылы 12- тамызда Кеңестік Одақтағы поляк соғыс тұтқындары мен азаматтарына кешірім (амнистия) жарияланды. Алайда арнайы жер аударылған поляк азаматтарының кейбір бөлігі бостандық алғанымен өздері қалаған жерлерге орналаса алмады. Поляк азаматтары туған жеріне екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде ғана оралуға мүмкіндік алды. 1989 жылдың 14-қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесі зорлықпен жер аударылған халықтарға қарсы қолданылған жазалау шараларын заңсыз және қылмыстық сипаттағы әрекет деп бағалаған Декларация қабылдады.

Польшадан келген хаттар

«Менің анамның отбасы Шолаққорған қыстағында өмір сүрді. Сіздерге Ащысай, Шолаққорған қыстақтарының орналасу сызбасын жіберейін, соғыс кезінде қандай болғанын көресіздер. Ол сызбаны Созақтан туған отаны- Польшаға оралған Станислав Стыковский деген азамат сызған. Бірақ Шолаққорған қыстағында тұрған кезде ол 10 жасар бала болатын. Мына сызбада 7 санымен белгіленген жерде әкемнің анасы (әжем) мен оның қызы жерленген. Бұл зират Созақ қыстағына қарай шыға берістегі жолдан он метрдей жерде орналасқан. Оларды онша биік емес қырқалы жерде өзге де төрт-бес поляк азаматтары жатқан жерге жерленген. Зираттардың екінші бөлігі ол да Созақ баратын жолдың сол жақ қанатында жатыр. Сол зираттың қасында аурухана бар болатын. Сол се-



бепті де поляктарды да алысқа ұзатпай қазақтар жатқан мұсылман зиратына жерлей берсе керек. Қазақтар жатқан молалар төмпешігі биіктеу, ал поляктар жатқан зираттар аласалау болатын. Қазір тегістеп жойып жібермесе бәрі бірдей, теп тегіс болып кеткен шығар. Моланың түбінде жалғыз аяқ жол болатын. Күнде таңертең анам осы соқпақты сүрлеумен жаяу балалар үйіндегі жұмысына баратын. Шолаққорғанның оңтүстік жағында қазақтардың моласы болатын. Нағашы атам мен нағашы әпкемнің зиратын көрсем ғой. Ең болмаса жатқан тұсын жобалап көрсем ғой Оның алдында біз Ащысайдың Ақжар деген жерінде тұрдық. Менің анам флотацияда (химиялық лабораторияда) жұмыс істеді. Кеніштің суретін өзін, көргім келеді. Баяғы ФЗО қайда екен? (фабрика зауыт жұмысшыларын оқытатын оқу орны) жатақхана, емхана, молалар әлі бар ма екен? Ақжарда жолдың бойында үлкен ғимарат алдында Лениннің ескерткіші бар болатын. Бұл ғимаратты ағылшындар салған. Ақжардың өзінде НКВД- ордасы орналасқан болатын. Сергоның суретіне қарасам толқымауым мүмкін емес. Қатты толқығанымнан көзіме жас келеді. Сол Сергоны табуға көмектесіңдер екен? Осы Сергодан арбаға отырғызып бізді Қаратаудың тауынан әрі қарай асыра көшірген еді. Сендерден өтінім сұрайтын «Құрсай» деген жерді «Құрсай» «колхозын қалай табуға болады?»-деген алғаш хатын алып, Шолаққорған ауылының ішіндегі Созаққа қарай шығатын жол бойындағы зират ішінен Мейірма-

нов Қайырбек есімді азамат екеуіміз әлгі екі кісінің (нағашы атасы мен нағашы әпкесінің) моласын тауып, суретке түсіріп Польшаға жіберген едік. Кейін Польшадан хат келді. Онда:- Суреттен туыстарым жатқан зираттың орнын, өзін көріп ерекше толқып, көзіне жас алып ұзақ отырдым. Өте әсерлі сәт болды. Сіздерге ерекше алғысымды білдіргім келеді. Мен ойлағаннан да әсерлі шықты. Мен ойлағанымнан да керемет. Қазақ елі тарихты құрметтей білетін ел екенін ұғынғандай қайта-қайта алғысын жаудыра берді.

-Сібірде менің әжемнің шешесі жерленген болатын. Қазір онда жол салынып, құрылыс салынып ізі де қалмаған. Фильмдерге, фото суреттерге қарап отырамыз. Оған да құдайға шүкір! Бірнеше апта бұрын менің анаммен бірге өмір сүрген бір әйел өмірден озды. Оның әңгімелеуінше бұл жерленген жерлерді таба алар ма едім? Жатқан жерін білдік! Ең бастысы сол! Менің туыстарым жүректері мейірімге, құшақтары бауырмалдыққа толы қазақ жерінде мәңгілікке жата берсін. Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа, жандары жаннатта болсын! Жақсы адамдар сендерге мың алғыс! Өте өкініштісі әкесінің, бауырымның жатқан жерін анам көре алмады. Мына суреттегі алақандай жерде, мәңгілікке сағынышқа айналған әкесі мен бауырының мәңгі мекенін көзімен көре алмай кетуі, әрине өкінішті еді. Сіздерге анамның жерлеуді суреттеген өлеңін жолдаймын. Жерлеу рәсіміне апам, анамның әпкесі, әкемнің жұмысында бірге істейтін әріптестерінен бір екі кісі

болды. Табытты көтеріп келе жатқанда табыт екі рет қолдан сусып жерге құлап кетті. Айып етпеңіз менің бар орышам осы ғана. Жаңа ғана орысшаға аудардым. Келесі хатымды бір аптадан соң жіберемін. Сіздің жауабыңызды асыға күтемін. Сіздің профессорыңыз маған сызба жөнінде өзінің естеліктерімен бөліссе жақсы болар еді. Бұл Юзеф Дзыры ханымның ағасының естелігін Сібірліктер үйірмесінен алуыңызға болады.

Құрметпен Тадеуш Исанский.

Стыковская (Күйеуі бойынша Дзыра) Юзеф. Ян Стыковскийдің қызы. Польша. Волын иелігі (Украина) Ковель ауданы, Остров селосында өмір сүрген. (әкесі Ян Стыковский, бауыры Станислав Стыковский, сіңілісі Янина Стыковская) 1940 жылы 21 наурызда Архангельск облысы, Ленинский ауданы, Нянда поселкесіне келген. 1941 жылы қыркүйекте арнайы көшіруден босатылған. 1942 жылы Қазақстанға келген. Әкесі Андерстің армиясына алынып, 1942 жылы Иракта қаза табады. Отбасы Шолаққорғанда қалады. Балалары балалар үйінде қалады. Юзеф Ащысай кентіндегі ФЗО-ға оқуға барып, әрі кеніште жұмыс жасайды. 1946 жылы Польшаға туған отанына кетеді.

Станислав Стыковский 1935 жылы туылған. 1946 жылы 11 жасында Польшаға Отанына оралады.

Шымкент облысы, Созақ ауданы Ащысай поселкесінде ФЗО мектебінің бір топ оқушылары.. Арасында Юзер Стыковская бар.

Созақ ауданы Ащысай поселкесіндегі аурухана қызметкерлері. Шымкент облы-

сы, Созақ ауданы, Ащысай кентіндегі дәріхана қызметкерлері. Сол жақтан бірінші Бронослава Ольховик, екінші дәріхана меңгерушісі Клара Столярова, Клара жер аударылған поляктарға көп көмек берген әйел.

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы

Қазақ комиссарлары Советінің және Қазақстан К(б) П халық комитетінің ҚАУЛЫСЫ

Алматы, Үкімет үйі
Алма-Ата, Дом. Правительства

23 январь 1942 г

Сов. Секретно

О размещении польских войнских соединений
(Т.Бабкин)

В соответствии с решением Государственного Комитета обороны от 25 января 1942г. О размещении польских войнских соединений на территории Казахской ССР,-

Совет народных Комиссаров и Центральный Комитет КП (б) Казахстана постановляют:

Размещение польских войнских соединений произвести:

а) на станции Отар, Туркестано-Сибирской железной дороги в помещении школы №29, в интернате для учащихся, складе-пакгаузе малой скорости;

б) на ст. Луговая, Туркестано-Сибирской железной дороги в областной колхозной школе, общежитии колхозной школы, в железнодорожной школе №33, в интернате железнодорожной школы, на базе райпотребсоюза, магазине райпотребсоюза.

В Меркенском районе - в клубе райпотребсоюза, районном клубе, клубе колхоза «Красный интернационал», клубе колхоза «Красный восток».

2. Принять предложение Южно-Казахстанского обкома Кп (б) К и исполкома Облсовета депутатов трудящихся о размещении польского войнского соединения в пункте Чокпак.

Председатель Совета народных

Секретарь
Комиссаров Казахской ССР
Центрального комитета
(Н.Ундасынов)

КП(б) Казахстана
(Н.Скворцов)

Осы қаулының екпіні ғой талай поляк азаматтарын қазақ жерінде қаңбақша домалтқан.

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі.

Жартытөбедегі жағымды тірліктер

Созақ ауданы Жартытөбе ауылдық округінің әкімі Есенқабыл Болат Лесбекұлы Жартытөбе ауылына 2019 жылдың қыркүйек айында әкім болып тағайындалды. Оған дейін аудан әкімі аппаратында қызмет атқарған болатын.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» № 826 Жарлығы бойынша барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аударатын, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін делінген. Осыған сәйкес Жартытөбе ауылдық округі әкімінің халықпен кездесу кестесі бекітіліп үш ай сайын атқарылған жұмыстар мен алдағы уақытта атқарылатын нақты жұмыстар бойынша халыққа есеп беріп келеді. Енді біз жас әкімнің осы қызметке келгелі бері қандай ауқымды тірлік атқарғаны туралы баяндайық.

Округтің негізгі саласы ауылшаруашылығы. Жартытөбе ауылдық округінде ауыл шаруашылығына бағытталған жер көлемі - 185927 га, оның ішінде шаруа қожалық, ЖШС-тердің пайдаланып отырғаны жер - 50838га, ауылшаруашылығы мақсатында пайдаланылатын тәлімі жері - 4749 га, суармалы жер үй іргелік жерді қоса алғанда 293 га, жайылымдық жер - 45796 гектарды құрайды.

2022 жылы ауыл шаруашылық жерлерін түгендеу мақсатында тексеру жүргізілген, түгендеу жұмыстарының нәтижесімен мақсатына сай пайдаланбай жатқан 1109 гектар жер учаскелері анықталып, аудан әкімдігінің қаулысымен мемлекет меншігіне қайтарылды.

Жартытөбе ауылдық округінде 2022 жылы 4535 га егістік жерді игеру межесі белгіленсе, бүгінгі таңда жеке толығымен орындалды. 100 га бидай, 600 га арпа, 200 га мақсары, 90 га жүгері, 38 га картоп, 41 га көкөніс, 42 га бақша, 550 га мал азығы дақылдары егілді.

Ниетті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеткізіп беруші «Ай бегім» ЖШС-гірқылы бағасы 195 теңгеден жеңілдетілген жанар-жағармаймен қамтамасыз етуде.

Сондай-ақ ауылдық округтен газ құю бекеті іске қосылып, тұрғындарға 55 теңгеден таратылуда. «Сыбаға», «Алтын асық» бағдарламалары аясында 3-жақты келісім-шарт негізінде 2021 жылға 30 бас асыл тұқымды бұқа алу жоспарланып алыныпты, ал



«Алтын асық» бағдарламасы бойынша 101 бас асыл тұқымды қошқар алу жоспарлануда. Ауылдық округ аудан бойынша 2021 жылы «Алтын күз» жәрмеңкесінде ауыл шаруашылығы саласының жыл бойы нәтижелі атқарылған жұмыстарының нәтижесінде II орыннан көрінді.

Үш айлық қорытындысымен 36 бас ит, мысықтар жойылды. Ауылдық округ аумағы мал өлсікшелерінен тазартылды.

Округ аумағындағы 591 аулада, 3889 халық тұрады. Олардың еңбекке қабілетті, белсенділері - 1964, зейнеткерлері - 431, I, II, III топ мүгедектері - 130, мүгедек балалар - 24, «Алтын алқа» иегерлері - 77, «Күміс алқа» иегерлері - 91, жалғыз басты қарттар - 5, ауған соғысына қатысқан - 1, тыл ардагерлері - 21 адам.

Округте 5 әлеуметтік қызметкер жұмыс жасайды. Ауылдық округі бойынша әлеуметтік көмекті қажет ететін мүмкіндігі шектеулі 24 бала бар.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ауылдық округке көмек жасауға бекітілген «Орталық «ӨК» ЖШС-і Жартытөбе ауылына әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға ауылымызда өткізіліп отыратын түрлі ісшараларға атсалысып, әрдайым өздерінің қайырымдылық шараларын аяған емес. 2021 жылы 50 отбасына 100 тонна қатты отын (көмір) таратылды. 8-наурыз Халықаралық аналар мерекесі қарсаңында «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне сый-сияпат көрсетілді.

2022 жылдың I-тоқсанында демеушілер есебінен аз қамтамасыз етілген 6 отбасына заттай қайырымдылық көмек көрсетілді.

Жартытөбе ауылдық округінде атаулы әлеуметтік көмекке жүгінген 44 отбасы болса, одан 41-і шартты, 3-і шартсыз көмек алуға. 2022 жылдың I-тоқсанында 6 азамат жастар практикасы бағдарламасымен жұмыспен қамтылса, ақылы қоғамдық жұмысқа 18 азамат тартылды. Жартытөбе ауылдық округі бойынша 1 аурухана, күндізгі 7 орындық, 2 ФАП бар. Пандемия кезінде 2021

жылы 1620 азаматқа вакцина салынған. Жыл қорытындысында 5 адамнан омикрон белгісі анықталған. 2021 жыл қорытындысымен 91 сәби дүниеге келсе, 26 әртүрлі жастағы тұрғындар қайтыс болды, ана өлімі тіркелмеген, бала өлімі 5, ит қапқан тұрғындар саны 3, кене шаққан тұрғындар саны 4, сарып ауруы тіркелмеген, қызылша ауруымен ауырған тұрғындар жоқ. Округ аумағында 2 ауылдық клуб, 2 кітапхана, 3 мектеп кітапханасы жұмыс



жасайды. Округ бойынша 35040 дана кітап қоры бар. Мемлекеттік мереке күндерінде көпшілікке арналған мәдени, спорттық шаралар өткізіліп келеді. 8-наурыз Халықаралық аналар мерекесі қарсаңында ауылдық клубта аудандық мәдениет үйінің көркемөнерпаздарының қатысуымен мерекелік концерт өткізіліп, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне сый-сияпат көрсетілді. Ауылдық округтің дамуына өз үлестерін қосып жүрген бірқатар азаматшалар аудан әкімінің және ауыл әкімінің алғыс хаттарымен марапатталып, арнайы сыйлықтар табыс етілді. Жартытөбе ауылдық округінде Ұлытың ұлы күні - Наурыз мейрамы ауыл азаматтарының ұйымдастыруымен жоғары дәрежеде аталып өтіпті. Жартытөбе елді мекенінде 1976, 1986, 1996 жылғы туылған азаматтардың ұйымдастыруымен, Бабата елді мекенінде 1982, 1983 жылғы туылған азаматтардың ұйымдастыруымен, Аққолтық елді мекенінде 1966, 1976, 1986 жылғы туылған азамат-

тардың ұйымдастыруымен киіз үй тігіліп, дастархан жайылып, Ұлытың ұлы күні жасалатын - Наурыз көже берілді. Ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтіп, жеңімпаздар арнайы грамоталар мен қаржылай сыйлықтармен марапатталса, ауыл өнерпаздары арнайы концерттік бағдарлама ұсынып, көрермен көнілін шаттыққа, мерекелік көңіл күйге бөледі. Жартытөбе ауылдық округінде 14 пен 29 жас аралығындағы жастар саны 2021 жылы 811, 2022 жылы 825 - ол ауыл халқының 20% құрайды. Ауылдық округте 3 жалпы орта орта мектебі бар, онда 14 - 17 жас аралығындағы 341 оқушы білім алуға. Жалпы студент жастар саны - 220. Жалпы жұмыс істейтін жастар: Мемлекеттік қызметте - 3, білім бөлімінде - 20, өндіріс орындарында - 34, медицина саласында - 5, құрылыс саласында - 33, мәдениет саласында - 2, күзетте - 2, азаматтық және өзгеде салада жұмыс жасайтын жастар саны - 143. Ресми түрде жұмыссыз болып тіркелген жастар саны - 14, жұмыспен қамтылғаны - 11. Жеке кәсіпкер жастар - 16.

Ауыл жастары спорттық ісшараларды тұрақты өткізіп келеді. 2020 жылы Бабата елді мекенінде орналасқан «Ысқақ баб» кесенесін жандандыру мақсатында кесене аумағына демеушілер тарапынан, зиярат жасап келушілерге арналған асхана мен шағын тұрғынжай салынды. Сондай-ақ, Аққолтық елді мекенінен кіші футбол алаңы салынып, ауыл жастарына тарту етілді. Бабата елді мекеніне Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш пен балалар ойын алаңшасы салынды. 2021 жылы Аққолтық мешітіне мектеп бітіргендеріне 20 жыл толған түлектердің есебінен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, күмбездері ауысып, жаздық ас беру орыны (навес) салынды. Ағымдағы жылдың шілде айында «ҚазАтомПром» АҚ демеушілігімен Жартытөбе және Аққолтық елді мекендеріне балалар ойын алаңы мен спорт алаңы құрылысын бітіріп, тұрғындарға пайдалануға берілді. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2021 жылы Бабата елді мекенінің

көшелеріне толықтай асфальт жол салынған болса, Жартытөбе елді мекенінің 4 көшесі көше жарығымен қамтылыпты. Аққолтық елді мекенінен 75 орындық ауылдық клуб ғимаратының жаңа құрылысы басталып, Биылғы жылдың тамыз айында құрылысын толық аяқтап, пайдалануға беру жоспарлануда екен. 2022 жылы Аққолтық елді мекеніндегі Қ.Кемелұлы көшесінің бойын жарықтандыруға 8500,0 мың теңге қаржы бөлініп, көше жарығы пайдалануға берілсе, Қ.Әлібиев көшесінің 1,6 шақырымын көше жарығымен қамтамасыз ету жұмыстары басталды. Қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигонға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Биылғы жылы Аққолтық елді мекенінің №2 көшесінің 900 метріне асфальт төселіп, қалған көшелеріне толықтай сметалық жобалық құжаты дайындалып, «Ауылым ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық бюджетке ұсынылды. Сонымен қатар, 480 метр жолға қиыршақ тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Ағымдағы жылы Жартытөбе елді мекенінің С.Сейфуллин және №2 көшесіне асфальт жол салынатын болады. Жартытөбе ауылдық округі бойынша барлық елді мекендерде ауыз су құбыры жүргізілген, ауыз су тәулігіне 24 сағат тұрақты беріледі. Алайда су құбырларының ескіруіне байланысты колодис ішінде орналасқан су бұру құрылғыларын (винтел, заллужка) ауыстыруды қажет етеді. Ол мәселені шешуге тиісті жоғары тұрған орындарға ұсыныс берілген. 2022 жылдың көктемінде бастап тиісті шараларға сәйкес елді мекендер тиесілі өз аумақтарының көркеюіне өз үлестерін қосуда екен. Ауылдық округ елді мекендерінде бүгінде санитарлық тазалық жұмыстарымен бірге көркейту, абаттандыру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Аққолтық елді мекеніне санитариялық тазалық жұмыстары жүргізіліп, елді мекен аумағы мал өлікшелерінен толықтай тазартылды. Мекемелер өз аумағына мәдени талдар мен жеміс көшеттерін отырғызыпты.

Алдағы уақыттағы ауылдық округ әкімі өзінің бекіткен басты жұмыс жоспарына сай округке қарасты барлық елді мекендерді 100 пайыз асфальт жолмен қамту, көше жарықтарын жүргізу және де Қ.Кемелұлы атындағы ескі мектеп ғимаратын спорт және мәдени сауықтандыру орталығына айналдырып, бокс, күрес, үстел теннисі және де домбыра, би басқада шығармашылық бағыттағы үйірмелер ашу сынды көптеген шаруалар тұрғанын жеткізді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жас жеткіншектерді оқуға шақырады!

Құрметті ата-аналар, оқушылар!

Бала - біздің болашағымыз. Өздеріңізге белгілі, қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Сіздер тәрбиелеп отырған ұл-қыздарыңызды Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ақпараттық білім негіздері бойынша 2022-2023 оқу жылына тереңдетілген білім алуға шақырады.

Созақ ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі №110 қаулысы бойынша «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Шолаққорған» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып, қайта құрылған (Лицензияның №KZ96LAA00016224).

Білім мекемесінде жұмыс жасайтын педагог кадрлардың 1-уі ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» медалінің, 3-уі ҚР Білім беру ісінің үздігі белгісінің, 1-уі ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасының», 3-уі «Алғыс хат» иелері. Информатика пәнінен жоғары білімді, шығармашыл, өзөзінің білікті мамандары дәріс береді.

Мектеп ұстаздары мен оқушылар аудандық, облыстық, республикалық түрлі білім сайыстарының, ғылыми жобалар жарыстарының, олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мектептің мәжіліс залында білім алушылар мен мұғалімдер үшін түрлі мектепшілік, аудандық, облыстық пікірсайыс ойындары, дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар өткізіліп тұрады. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында мектепте баскетбол, волейбол, футбол, тоғызқұмалақ, теннис, шахмат, дойбы және сурет салу шеберлігі, шешендік өнер, ақпараттық технологиялар бойынша пәндік үйірмелер жұмыс жүргізеді.

Білім алушылар үшін мектепте 1 лингфонды-мультимедиялық, 3 компьютерлік сыныпқа үдерісінде қолданатын компьютерлер, ноутбук, моноблоктар, нетбуқтармен қамтамасыз етілген. Мультимедиа кабинеттері, интерактивті тақта қондырғылары, сонымен қатар, 2 спорт зал, 200 орындық мәжіліс залы, кітапхана, асхана, буфет жұмыс жасайды.

ІТ-мектеп-лицейі сыныптары жаратылыстану бағытында 5 сыныптан бастап оқытылады. Лицейге оқуға ниет білдірген білім алушылар 2022 жылғы 3 тамызынан бастап тіркеліп, 22 тамызда қабылдау емтихандары математика пәні мен логикалық сұрақтардан құралған тест (уақыты 60 минут) тапсырады. Етініш білдірген оқушылар 4-сыныптағы оқу үлгерімі туралы табелінің көшірмесін алып келуі қажет. Лицей сыныптарына қабылданған оқушылар жаратылыстану бағытында ақпараттық технологиялар бойынша жан-жақты тереңдетіле оқытылатын болады.

Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Токпанбетов Созақбай көшесі, ғимарат 1А. Байланыс телефоны 4-25-49, электронды почтасы: sholakkorghana@mail.ru.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тарапынан Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларының) талаптары бұзылған жағдайда 4-11-00 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты».

Жатқан жерің жайлы болсын жан ана...

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл жан, аяулы жар, ұл-қыздары мен немерелерінің қамқоршысы болған **Әубәкірова Нағима Әбдіғаббарқызы** анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Асыл ана, бәйтерегің саялы, Ұл-қызыңа, немереңе құшағын кім жаяды?!

Сіз кеткелі жылдың жүзі болса да,

Маңдайдағы алақаның аялы. Жатқан жерің жайлы болсын анажан,

Бұл өмірдің тұрлауы жоқ, баяны, - деп, анамыз **Нағима Әбдіғаббарқызының** рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 2 тамыз күні (1 тамыз – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Жамбыл көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, бауырлары, Әубәкіровтер әулеті.



Кене шағуы қауіпті

Құрметті аудан тұрғындары! Күннің жылы мезгілінде табиғатта көп кездесетін жәндіктердің бірі-кене. Кене адамға көптеген аурулар тарапатады, солардың қатарына қырым қанды безгегін жатқызуға болады. Конго-Қырым қанды безгегі – бұл вирустан туындайтын ауыр жұқпалы ауру. Қырым қанды безгегінің вирусын таратушы және оны сақтаушы Иксодес кенелері. Бұл кене вирусты тек қана өз организмінде сақтап қана қоймай, айналаға таратады. Қазір кенелердің оннан аса түрінде ауру қоздырғышының өсіп-өнетіндігі дәлелденген. Еліміздің кең байтақ өлке-леріндегі кенелердің әрбір түрлерінің осы дертті тарату-дағы қауіптілігі бірдей емес. Еуропада осындай қан сорғыштардың бір түрі ауру таратса, Қазақстан және орта Азия мемлекеттерінде басқа түрі жұқтырады. Кенелер үй жануарларының, жабайы аңдардың және құстардың қанын сорып қоректенеді. Организмінде ауру қоздырғышы бар кене қанын сорған жануарларға вирусты жұқтырады. Бұл аурудың адамдар арасында кездесуі кенелердің және олар қан соратын жануарлардың болуына байланысты. Аталған ауру көктем және жаз айларында кездеседі. Кенелер өсіп көбею үшін қан соруға асығады, олар бұл кездері мал мен құсқа, жабайы аңдарға жабысады. Кене адамға қадалып, қан сорған уақытта, ауру қоздырғышы денеге тарайды. Аты аталған жұқпалы ауру кенелердің тек қан соруы арқылы емес, олар-



ды қолмен мыжып өлтіргенде немесе кенені малдың денесінен алып тастаған кезде жұғуы мүмкін. Қырым-қанды безгегінің жұғуы адамның терісіне кене қанының ішіндегі ауру қоздырғыш вирустың енуіне байланысты. Сырқаттың барысында төрт кезең байқалады жасырын (инкубациялық) басталуы, дамуы және сауығуы не қайтыс болу кезеңдері. Жасырын кезең вирустың денеге енген кезінен бастап аурудың белгі бере бастаған уақытты қамтиды. Орташа есеппен бұл уақыт 2-7 күнге дейін созылады. Осы уақыттың ішінде адам денсаулығына өзгеріс байқалмайды. Дерт кенеттен басталады. Адамның басы қатты ауырып, денесі дел-сал болады, әлі құрып, белі сырқайды. Дене қызуы 39-41 градусқа жетеді. Адамның беті, мойны, көкіректің жоғарғы жағы өте қызарып көзі қанталап көмекейі қызарады. Екі үш, кейде төрт-бес күннен кейін сырқат адамның мұрынан қан кетеді. Науқастың терісінің астына,

әсіресе иық, кеуде, қарын терісіне азды-көпті қан құйылу жиі кездеседі. Қанның құрамында көптеген өзгерістер байқалады. Кейде асқазанға да қан құйылып, бұл ауру адамды қазаға ұшырату мүмкін. Дерттің жеңіл орташа және ауыр түрлері болады. Қырым қанды безгегінің бір қауіптілігі - осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, осы дерттің жұғуына себепші болады. Осы кезге дейін қырым қанды безгегі ауруын емдейтін өндірістік көлемде шығаратын белгілі бір дәрі жоқ. Сондықтан аурудың алдын алу жолдарына зор мән беріледі.

Қоралардың көңін ойып шығарып, қи-қоқыстан тазаланған жағдайда жүргізілетін дезинсекциялық жұмыстар сапалы болады. Сол себепті залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу алдында үй-іргелік қора жайлар мен жапсарлас аймақтарды көң, қилардан тазарту (механикалық тазарту), даярлық жасауларыңызды ескертеміз. Сонымен қатар биылғы 2022 жылы ауылшаруашылық жануарларын кенеге қарсы инъекциялық жолмен және үй іргелік қора жайларды арнайы сұйықтықпен залалсыздандыру жоспарланған. Малдарыңыз бен қора жайларыңызды кенеге қарсы залалсыздандырудан қалдырмаңыздар!

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК
Созақ ауданы филиалы.

Маймыл шешек дегеніміз не және ол қандай елдерге таралып жатыр?

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл аурудың әлемнің 11 мемлекетіне жетіп, 80-ге жуық жұқтыру оқиғасының расталғанын хабарлап отыр.

Бұл - Африкадан тыс жерлерде сирек кездесетін аурудың таңқаларлық өршуі.

Дүниежүзіндегі денсаулық сақтау қызметкерлері ерекше жағдайды жіті қадағалап отыр. Өйткені, ауру алғаш рет Африкаға бармаған адамдар арасында таралып жатыр.

Маймыл шешегі - сирек кездесетін вирустық зооноздық ауру (яғни адамға жануарлардан беріледі). Оны жұқтырған адамда бұрын шешекпен ауыратын науқастардағы симптомға ұқсас белгілер байқалады.

1980 жылы шешек жойылғаннан кейін және вариолавақиналарын қолдану тоқтатылған-

нан соң маймыл шешегі басқа ортопокс вирустар арасында адамдар үшін ең патогенді орынға шықты.

Маймыл шешегі ауруы әлі күнге дейін Африканың тропикалық орманы көп аймақтарында кездеседі. Ауру көп жағдайда қан арқылы, денеден бөлінетін сұйықтықтар (тер, қан, түкірік) және ауру жануардың зақымдалған терісі немесе шырышты қабаттары арқылы беріледі. Яғни, науқас адамның түкірігі мен сілекейі екінші адамның ішіне түссе, ауру жұқтырады. Алайда маймыл шешегін жұқтырудың ең басты себепі - ауру жануардың етіні жеу.

Ауру жұқтыру жиілігі жағынан екінші орында - тыныс алу жолдары арқылы. Тіпті науқас қолданған ыдыс-аяғы, киімі, ұстаған заттары мен төсек-ор-

нынан да жұғуы мүмкін. Вирус көбіне иммунитеті төмен адамдар мен балаларға жұғады. Маймыл шешегінің инкубациялық кезеңі әдетте 6 күннен 16 күнге дейін, сирек жағдайда 21 күнге дейін жетуі мүмкін. Ауру жедел ері кенеттен басталады.

Ең алдымен дене температурасы жоғарылайды. Аурудың негізгі белгілері дене температурасы, қалтырау, бас ауру, әлсіздік, бөрту. Науқастар тыныс алу органдарында тұмауға ұқсас белгілер болғанын жиі айтады. Бертпелер көбіне қай-жерде орналасса да өте ауыр-деп сипатталады.

А. УТЕПОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің бас маманы.

СУДА САҚ БОЛЫҢЫЗ! ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жазғы каникул, балалардың барлығы бұл күнді асыға күтеді. Көптен күткен суға түсу маусымы келді. Таза ауа, күншуағы, рахат қабатырып қоймай, организмнің жақсаруына септігін тигізеді. Сонымен қатар су әркез өмірлерді әкетеді.

Ашық сулар қауіптілік көзі, осыған байланысты суда жүзу кезінде абай болу орынды. Суда жүзу дені сау адамдарға ғана пайдалы, сондықтан суға түсуге болатындығы жайлы дәрігер-кеңесін алу қажет. Қазір өзендерде су молайды, ағысы қатты адам өміріне қауіп туғызады. Сондықтан балаларсуға барғанда ересектердің қарауында болуы-

тиіс. Балалар пикниктер, саяхатқа шығарда, лагерьге-барғанға дейін ересектер, ата-аналар балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыруы қажет. Ыстық ауа райының келуіне байланысты, біз сіздерге бірнеше қауіпсіздік ережелері туралы ақыл бергіміз келеді.

Суда сақ болып өмірімізді қауіптен қорғауға бірнеше кеңес:

- Тек жабдықталған жағажайлар мен басқа да суға шомылуға арналған орындарда, ресми рұқсаты және құтқару қызметі бар жерлерде шомылыңыздар;
- Жардан, көпірденсуға секірмеңіз;
- Ішімдік ішіп суға түспеңіз;

- Ата-аналар балалардың шомылуын бақылап отырып ішімдік ішулеріне болмайды.
- Суда ойын кезінде бір-бірлеріңді қол немесе аяқтан ұстамау.

- Жүзу білмейтіндер 1,2 метр тереңдікпен арнайы қолайланған жерлерде түсу. Өз денсаулығыңызды сақтаңыз; суға түскенде, күнге қыздырығанда уақыты тиімді пайдаланыңыз.

Б. ЗҰЛПЫХАР,
Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ӨЗІМ ДЕГЕНІҢ ӨЗЕККЕ ТЕППЕС...

Жалпыұлттық бірлік пен біртұтастықты, этносаралық татулықты сақтау полиэтносты қоғамның басты проблемасы болып қала бермек. Себебі ынтымақ пен бірлікті ұстап тұру көп мемлекеттің қолынан келе бермеген, этникалық саясатын ұтымды жүргізе алғаны ілуде бір. Біздің елде Президентіміздің салиқалы, сарабал саясатының арқасында этносаралық қарым-қатынастар принциптерінің іргетасы берік қаланған. Ендігі мақсат – осы қандылығымызды қадірлеу, келер ұрпаққа аманаттау.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары облысымызға келіп, бірнеше жерде кездесу өткізді: Сайрам, Сауран, Қазығұрт аудандарында және Түркістан қаласында. Бұл жөнінде электронды ақпарат құралдары менен facebook әлеуметтік желісінде кеңінен жарияланды, бұқаралық ақпарат құралдары беттеріне басылды, онымен көзіқарақты оқырман таныс шығар. ҚХА Төрағасының орынбасарымен бірге Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин келіпті. Түркістан қаласында әкімдік, құқық қорғау орган-

дары өкілдерінің және этномәдени бірлестіктер жетекшілерінің қатысуымен өткен жиынға Созақ ауданынан Қоғамдық Келісім Кеңесінің төрағасы Базарбай Нұрланұлы, «Созақ аудандық өзбек этномәдени қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұхамеджан Мамаджанұлы Бабаев, аудандық прокуратураның аға прокуроры Бексұлтан Бейсембай, Жергілікті Полиция Қызметінің өкілі және осы мақаланың авторы қатысты.

Жиында жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді одан әрі нығайту мәселелері талқыланып, келелі ұсыныстар айтылды, ұтымды ойлар ортаға салынды. Еліміздегі саяси тұрақтылықты сақтап, келер ұрпаққа аманаттау үшін «Мәңгілік ел» идеясының төңірегіне топтасуымыз керектігіне баса назар аударылды.

Марат Алмасұлы: «Мемлекет басшысы күн тәртібіне этносаралық қатынастар саласындағы басты міндет – Қазақстанның көпэтносты халқын болашағы біртұтас ұлтқа біріктіру міндетін қойды. Болашағы біртұтас ұлт қандай болады? Болашағы



біртұтас ұлт – мемлекеттік қазақ тілі этносаралық қатынас тілінің рөлін атыратын азаматтық қауым. Ал қазақстандық патриотизм мен азаматтық қауым елдің барша этностары мен азаматтарының этностық және діни наным-сеніміне қарамастан біртұтас біріктіруші қағидатқа айналады», деді жиналған қауымға.

Онан соң этномәдени бірлестіктер жетекшілерінен өңірдегі этносаралық ахуал жөнінде жеке-жеке сұрады. Түркістан облысының Славян этномәдени бірлестігінің

жетекшісі Марина Лимаренко, «Жанубий Қозоғистон» газетінің Бас Редакторы Алишер Сотволдиевтер сөз алып, өз ұсыныс-пікірлерін бөлісті. Кәріс қызы Сабина Андреевна Пак қазақ тілінде акцентсіз, тұнық сөйлеп көпшілікті тәнті етті. Өзінің өлеңін оқып беріп, барша Қазақстан азаматының қазақ тілін білуі парыз екенін айтты.

Маған бұл жиында бір азаматтың ойы қатты әсер етті. Ол Түлкібас ауданының түрік этномәдени қоғамының жетекшісі Жұмабек Елшіұлы

Абилов деген кісінің ойы еді. «Жиналысқа барсаң, сөйлеп қайт, тойға барсаң, билеп қайт деген» деп, әзілдей ортаға суырылып шықты да, біртұтас Қазақстан азаматы бола тұра, елдің патриоты бола тұра «өзге ұлт өкілі», «этнос өкілі» атанатынын қынжыла айтты. Қазақстан Халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасарына осы терминді қоғамдық қатынас айналымынан алшақтатып, тағдырын Қазақстанмен мәңгілікке байланыстырған этностарды «бауырлас халық, туыс халық» деп атауды ұсынды. Марат Әзілханов бұл ұсынысты мұқият тыңдап, алдағы уақытта Ассамблея отырыстарының талқысына салуға уәде етті.

Иә, шынында да «өзге» деген сөз кез-келген адамға түрпідей тиеді, оның бөтендігін, жаттығын білдіріп тұрады. Ал біртұтас ұлт болуды мақсат тұтқан елде нәзік әлемдегі қоғамды либерализациялау процесінің бел ортасындағы мемлекетте бұл анықтаушы сыбырлап болса да айтылмауы тиіс деп есептеймін.

Жандос НАРГОЗИН.

ЭТНОСАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ С
ҰЛТ МҰРАТЫ

Қазақстан – бүгінде 40-тан астам конфессияларда біріккен 130-дан астам этнос достықтың нәзік келісімде өмір сүріп жатқан көпұлтты мемлекет.

Біз Қазақстанның барлық тәуелсіз жылдары бойы түрлі этникалық топтардың арасындағы келісімді сақтай алдық. Қазақстанда посткеңестік кеңістікте орын ала бастаған ұлтаралық жанжалдардың қаупін дер кезінде бағалай алдық. Қоғамда тұрақтылықты сақтау мемлекетіміздің ішкі саясатының бағытының негізгі ірге тасына айналды.

Бізде өте ұзақ уақыт бойы халықтар арасындағы өзара қатынастардың ерекше дәстүрі қалыптасқан. Бүкіл әлемде қазақстандық этникаралық келісімнің үлгісі туралы айтыла бастады. Оның негізінде тағдырдың еркімен біздің ортақ отанымыздың территориясына келген барлық этникалық диаспораларға қазақтардың төзімді және шыдамды қатынасы жатыр.

Қазақстан әлемнің басқа мемлекеттері үшін этносаралық келісімнің, тұрақты және орнықты дамудың үлгісі бола алады. Бұрынғы Кеңес Одағының бір де бір мемлекетінде ұлттар мен

диаспоралар осындай келісімде өмір сүріп жатқан жоқ. Қазақстандағы ұлттық мәселенің мұндай жағдайы, әлбетте, қарама-қайшылықтармен емес, ұлтаралық қатынастардың ерекше адамгершілік үлгісімен және әр түрлі мәдениеттердің өзіндік бай симбиозымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар елімізде қоғамдық келісім саласына үкімет деңгейінде ерекше көңіл бөледі. Оған дәлел, күні кеше Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі құрылып, оның мойнына қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік құзыреттер жүктелді.

Қазіргі және келешек ұрпақтың басты міндеті – бір-біріне деген ықыласты қатынастар, төзімділік және көпұлттылық кемшілік емес, керісінше, мемлекеттің артықшылығы болып табылатын Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан әрбір халықтың тілі мен мәдениетін құрметтеу арқылы осы бейбітшілікті аялау және сақтап қалу болып табылады.

Жандар БЕКБЕРГЕНҰЛЫ,
«Созақ жастары»
ҚБ төрағасы.

Бір шаңырақтың астында ұзақ жылдар бойы 140-қа жуық ұлт пен ұлысты, қырық түрлі дінді уағыздайтын үш мыңға жуық діни бірлестіктерді тату-тәтті ұстап отыру оңай емес. Алайда, еліміз қанша уақыттан бері

зеңнен бастап, күні бүгінге дейін еліміз мемлекет үшін ең маңызды ұлтаралық татулықты, конфессияаралық келісімді, өзара түсіністік пен тұрақтылықты, достықты өзіндік ұстаным етіп өмір сүріп жатыр.

әртүрлі діндер арасында өзара түсіністіктің орнауы берік қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде, бүгінде елімізде этносаралық тату-тәтті қарым-қатынас пен қоғамдық келісімнің қазақстандық өзіндік үлгісі қалыптасқан.

ТҰТАСТЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН



БІР ХАЛЫҚ –
БІР ЕЛ –
БІР ТАҒДЫР!

шашау шығармай, достық пен бірлікті ту етіп, ортақ мүддеге жұмылдырып, олардың ортақ Отаны бола алып отыр. Егер кезінде еліміздің құрамы көпэтносты және көпконфессиялы болуына байланысты күмәнді болжамдар айтылып, сонау Тәуелсіздік алып, еліміз енді аяғынан тұра бастаған тұста сарапшылардың «Қазақстанды қақтығысқа қолайлы, яғни, конфликт қаупі жоғары аймаққа жатқызғанын» ескерсек, мұның қаншалықты қиын шаруа екенін түсінеміз. Алайда, тәуба! Тәуелсіздік алған ке-

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде бірлік пен тұрақтылықты сақтауына айрықша мән береді. Мұны Президенттің халыққа арнаған Үндеулерінен де байқауға болады. Яғни өзінің баяндамаларының барлығында әрқашан да елдегі ұлтаралық және конфессияаралық тұрақтылықты сақтап қалудың маңыздылығын айрықша атап өтіп отырады. Сондықтан елдік ұстанымға сай, еліміздегі барлық этностар арасында достық қатынас орнатып, олардың ауызбіршілікте өмір сүруі және

Бұл қазақстандық үлгінің астарында «алуан түрлілік арқылы тұтастыққа» деген халқымызды біртұтастыққа шақырушы ұстаным жатыр. Бұл ұстанымның еліміз үшін бағасы қашанда қымбат болған! Және алдағы уақытта да қымбат бола береді. Өйткені елдік ұстаным осы!

Осы орайда атап өтер жайт, еліміздегі барлық этностардың өздерінің ұлттық тілі мен әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін дамытуға деген ұмтылысын, ынтымақын байқап, еліміз барлық қажетті жағдайлармен қамтамасыз етіп қана қоймай, ұдайы қолдап отырады. Елбасының елімізде нәсілдік, этникалық, тілдік, діни және өзге де белгілеріне байланысты кемсітуге жол бермеу туралы нақты ұстанымын да айта кеткен жөн. Яғни еліміздегі барша ұлттың баласы теңдікте өмір сүріп жатыр.

Абылайхан ҚАЛКЕНҰЛЫ -
«Нұрлы Әлем»
қоғамдық бірлестігінің
төрағасы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактордың міндетін

уақытша атқарушы:

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Ағо тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.